

As a rule, this is done with proper names and geographical names. For example, "Maleficent" - "Малифисента", "Avatar" – "Аватар".

**Conclusion.** The relationship between movies and culture involves a complicated dynamic. They are a reflection of prevailing concerns, attitudes, and beliefs of different peoples. Movie titles are the eyes of films; they have a double effect on artistic appreciation and commercial advertising. The article has discussed the process of translation of English feature film titles into Russian and Kyrgyz and the ways of their translation. As a result of the analysis, we have drawn the conclusion that English movie titles have been translated into Russian and Kyrgyz using the main types of translation of film titles, such as translation of euphemism, genre translation, and semantic translation. And the main types of translation transformations used in the analyzed examples were calquing and transliteration.

#### References:

1. Komissarov V.N. General theory of translation. 1990, p.107.
2. Petrova O. V. Introduction to the theory and practice of translation. 2002, p.94] [1, p.]
3. Retsker Ya. I. Theory of translation and translation practice. 1974. pp. 61-62.
4. <http://refleader.ru/jgeujgmerujg.html> .
5. <https://journal.fledu.uz/wp-content/uploads/sites/3/2019/04/Indira-Gaziyeva.pdf>.
6. <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=134230>.

УДК 811.512.101

DOI 10.33514/BK-1694-7711-2021-2(2)-34-39

**Серкебаева Г.И., Боранбаев С.Р., Халикова Н.С.**

докторант, М.Ауэзов атындагы Түштүк-Казакстан мамлекеттик университети,  
М.Ауэзов атындагы Түштүк-Казакстан мамлекеттик университети, филология илимдеринин  
доктору, доцент,  
М.Ауэзов атындагы Түштүк Казакстан мамлекеттик университети, филология илимдеринин  
кандидаты., Шымкент, Казакстан

**Serkebaeva G.I., Boranbaev S.R., Khalikova N.S.**

докторант, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова,  
доктор филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский государственный университет  
им. М. Ауэзова,  
кандидат филологических наук, Южно-Казахстанский государственный университет  
им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**Serkebaeva G.I., Boranbaev S.R., Khalikova N.S.**

doctoral student, South-Kazakhstan State University. M. Auevov,  
Doctor of Philology, Associate Professor, South Kazakhstan State University. M. Auevov,  
Candidate of Philological Sciences, South Kazakhstan State University. M. Auevov,  
Shymkent, Kazakhstan

**"CODEX CUMANICUS" СӨЗДҮГҮ ЖАНА ЗАМАНБАП КАЗАК ТИЛИ  
«CODEX CUMANICUS» СӨЗДІГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАК ТІЛІ**

**СЛОВАРЬ «CODEX CUMANICUS» И СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК  
“CODEX CUMANICUS” DICTIONARY AND MODERN KAZAKH LANGUAGE**

**Аннотация:** Адабий тилибиздин кыпчак тилиндеги уңгусу болгон 13-14-кылымдарда куман тилинде жазылган 164 беттик «Кодекс куманикус» сөздүгүнүн негизинде кыпчак тилиндеги сөздөрдүн Учурда казак тилинде колдонулуп жаткан кыпчак тили ушул убакка чейин эч кандай фонетикалык жана семантикалык өзгөрүүлөргө дуушар болгон эмес. Макалада «Codex Cumanicus» сөздүгүнүн казак тили менен лексикасынын уландысы талкууланат.

**Аннотация:** Исходя из словаря «Codex Cumanicus» объемом 164 страницы, написанного на куманском языке в XIII-XIV веках, который является корнем нашего литературного языка на кипчакском языке, мы можем видеть, что слова кипчакского языка, которые в настоящее время используются в казахском языке, до настоящего времени не претерпели никаких фонетических или семантических изменений. В статье рассматривается преемственность лексики словаря «Codex Cumanicus» с казахским языком.

**Аннотация:** Қыпшақ тіліндегі әдеби тіліміздің түбірі болып табылатын 13-14 ғасырларда кун тілінде жазылған көлемі 164 беттік «Кодекс куманикус» сөздігіне сүйене отырып, қыпшақ тіліндегі сөздердің «Кодекс Куманикус» деген сөздігіне көз жеткіземіз. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген қыпшақ тілі осы уақытқа дейін ешқандай фонетикалық, семантикалық өзгерістерге ұшыраған жоқ. Мақалада «Codex Cumanicus» сөздігінің қазақ тілімен сабақтастығы қарастырылады.

**Annotation:** Based on the dictionary "Codex Cumanicus" of 164 pages, written in the Cuman language in the XIII-XIV centuries, which is the root of our literary language in the Kipchak language, we can see that the words of the Kipchak language, which are currently used in the Kazakh language, have not undergone any phonetic or semantic changes to date.

The article examines the continuity of the vocabulary of the «Codex Cumanicus» dictionary with the kazak language.

**Ачкыч сөздөр:** фонетика, семантика, адабий тил, кыпчак, түркология, топоним, этноним

**Ключевые слова:** фонетика, семантика, литературный язык, кипчак, туркология, топоним, этноним

**Түйін сөздөр:** фонетика, семантика, әдеби тіл, кыпшақ, түркология, топоним, этноним

**Key words:** phonetics, semantics, literary language, kipchak, turkology, toponym, ethnonym

Түркі тілдес халықтардың тілдік-мәдени, әдеби байланыстары өте ерте заманнан бастау алады. Тарих тереңіне көз жүгіртсек, түбі бір түркі халқы жеке ұлт ретінде өз алдына отау тігіп қалыптасқанға дейін ортақ әдеби мұраларға бай болған. Ортақ ауыз әдебиеті үлгілерінің, ортақ тарихи мұралардың қаншама ғасырларды артқа тастап, бүгінгі күнге жетуінен жалпы түркі әдебиетінің тамыры тереңге бойлайтынын байқаймыз. Жеке ұлт болып қалыптасқаннан соң да түркі халықтарының арасында әдеби дәстүр өзара байланыста өз жалғасын тауып жатты. Әртүрлі бағытта, әртүрлі мазмұнда дамыған түркі әдебиеті көненің жалғасы ретінде дамып, жаңарып, жаңғырып отырды. Осындай түркі әлеміне ортақ рухани дүниелер кыпшақ жазба ескерткіштері болып саналады. Қыпшақ жазба ескерткіштерінің көбі

қыпшақ тілінде жазылып, оғыз тілі әсер еткен мәмлүк, Орта Азия мұралары оғыз тілінде жазылып, қыпшақ тілінің ықпалына түскендер аз хорезм нұсқалары жатады.

Түркі халықтарының өзге елдермен арасындағы қарым-қатынасы біріншіден географиялық жақтан бір-біріне жақындығы, екіншіден сауда – саттық жасау, үшіншіден өзара тарихи қақтығыстар дәлел, төртіншіден сыртқы факторлар арқылы бір-бірінен алшақтап өзге елдерге қоныс тебуі. Тарихи мәліметтерге қарағанда, түркілер көрші мемелкеттермен әлденеше ғасырға созылған қарым-қатынаста болған. Жаугершілік шабуылдар мен одақтастық қатынастардың көбірек болып тұрғанын тарихи мәліметтерден көруге болады. Бірде қыз беріп отырса, бірде қыз алысып, құдандалы болып енді бірде сауда-саттық, экономикалық қарым—қатынастар жасасып отырған. Мұндай қарым-қатынастар, грек неміс, ресейліктер мен хазар, бұлғар, қыпшақ, татар секілді түркі тайпалары арасында болған. Мұндай жағдайда ұзақ замандық қарым – қатынас құралы - тіл болды. Аралас-құралас көрші елдер бір-бірінің тілін білуге тырысуы табиғи құбылыс. Ерте заманның өзінде де түркі тілдерін білетін өзге ұлт өкілдері, өзге тілді білетін түркілер де көп еді. Осының дәлелі XIII-XIV ғасырда жазылған көлемі 164 беттік Кодекс Куманикус (құмандар кітабы) болып табылады

«Codex Cumanicus» сөздігін ғалымдар зерттеу нысанына алғанына екі ғасырдан астам уақыт болды. «Кодекс куманикус» сөздігінің жарыққа шығуы мен жариялануы құнды дүниелермен танысуға мүмкіндік бергені белгілі. Батыс пен Шығыстың қарым-қатынасы туралы, жалпы бұл сөздік құман тілі мен европа тілдері жайлы құнды мәліметтердің бай дереккөзі болғандығы айқын. Бұл сөздікте бүгінгі таңдағы қазақ тілінің рухани бастауы болып табылатын құман этникалық тобының басты ерекшеліктері тарихи деректермен астаса отырып ашылады. Құпиясы мол құндылықтарға бай дүние қазіргі таңға дейін филолог ғалымдар мен тарихшылардың назарынан тыс қалмай келе жатқан асыл мұралардың бірі екендігінің айғағы. Сонымен қатар «Codex Cumanicus» сөздігі құмандар этносын ғылыми тұрғыда зерттеудің негізін қалап, бүгінгі түркі тектес халықтардың ортақ рухани мұрасы, ортақ әдеби ескерткіші ретінде қарастырылып отыр. Қазіргі таңда ғалымдар «құман» атауының дербес тайпаның, дербес этникалық топтың өзіндік атауы екендігін және «құман» атауымен кейінгі қыпшақтардың барлығының аталып кеткендігін дәлелдеп келеді. [1].

Құмандар – түркі тілдес көшпелі халық. «Құмандар кимектер мен қыпшақтардың батыс бөлігі ретінде дербес этникалық топ болғанын қосымша топонимдер де көрсете түседі. Құмандар өздері жүріп өткен жолдарында тарихи іздерін қалдырып отырған. Ол іздерді біз олар қоныс еткен аумақтардан кездесетін топонимдер мен этнонимдер арқылы көре аламыз» [1].

«Codex Cumanicus» («Қыпшақ тілінің сөздігі») – қыпшақ тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктерден тұратын құнды кітап. Тарихи ескерткіштің жазылу тарихы, оның тілдік ерекшеліктері жайында көптеген ғалымдар зерттеу жұмысын жасап келеді. Қыпшақ тілінің морфологиясы мен фонетикасын, лексикасын, жекелеген сөздердің этимологиясы мен мәтіндегі жұмбақтар, діни әңгімелердің транскрипциясы мен аудармалары жайлы, жалпы ескі қыпшақ жазба ескерткіштері туралы зерттеу жүргізіп келген Европа, Ресей, Венгр, неміс, қытай, түрік ғалымдарының еңбегі орасан зор. Қыпшақ сөздігінің алғашқы сипаттамасы библиограф, Джейкоб Филипп Томасини Подуанскийге тиесілі. Ол 1595-1655 жылдар аралығында Венеция кітапханасының қолжазбалар каталогының тізімдемесіне

итальяндық көрнекті ақын Франческо Петрарка сыйға тартқан 17 кітаптарді тізімдей отырып, «Alfabetum Persicum, Comanicum, et Latinum Anonymi scriptum Anno MCCCIII. Die XI Julii» деп тіркеген. Бұдан кейін қолжазбаны сөздік ретінде венециялық библиограф жылы Антонио Занетти 1741 жылы бұл жұмысты өзінің жүйелік каталогында сипаттады. Қолжазбаның өзі 1769 жылы табылған және алғашқы 22 бетін Даниэль Корнидес көшірген. Осы материалдың негізінде сол кездегі ең әйгілі венгр тарихшысы Жорж Дес Преске жазған хатында ол: «кумандар қыпшақ-татарлар болса керек, олардың тілі қыпшақ диалектісі» [2.482] деген пікір білдірді. Осы себепті, кумандар бұрынғыдай мадьяр туыстары деп саналды және «Codex Cumanicus» таныту даңқы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шығыстанушы Юлий фон Клапротқа бұйырды. Ресей академиясының академигі, қытайтанушы, түрколог, социолог, башқұрт, қазақ, қырғыз, якуттардың тұрмыс-тіршілігі мен тілін, «Бабыр-намені» және болгар жазбаларын зерттеген ғалым Генрих-Юлий Клапрот «Codex Cumanicus»-ті кездейсоқ тапты. 1824 жылы Томазинидің Петрарка өмірбаяны жайлы жазылған мәліметті парақтау барысында ұлы ақынның кітаптарының арасынан ол «1303 жылдағы «Alphabetum persicum, comanicum et latinum» және оның алғашқы аударылған үш жолын көрді. Мұның „Alphabet“ қандай да бір сөздік екенін байқаған. Джон фон Клапрот қолжазбаның көшірмесіне тапсырыс берді. Кітап шын мәнінде 2500 сөзі бар 118 беттен тұратын 3 бағанға бөлініп (латын, парсы және куман тілдерінде) жазылған сөздік болып шықты. Джон фон Клапрот бірден осы керемет дереккөздің ғылыми басылымын дайындауға кірісті. Ол өзінің зерттеулері мен қорытындыларын 1826 жылы «Journal Asiatique» журналындағы шағын мақаласында ұсынды. Қыпшақтар сөздігі ғылыми көпшілік назарына ең алғаш рет 1828 жылы Генрих-Юлий Клапроттың арқасында диссертациялық «Азия полигот» еңбегінің қосымшасы ретінде жариялап ұсынды. Екі жылдан кейін «Сөздік» толық жарық көрді. Сөздіктің қолданылуын жеңілдету үшін Ю. фон Клапрот парсы тілі бағанын қазіргі парсы тілінің формаларымен қамтамасыз етті және кумандық дыбыстарды османлы-түрік сөздерімен және түркі тіліндегі үстеу сөздермен Орталық және Солтүстік Азиядағы диалектілерді салыстыра отырып жазды. Генрих-Юлий Клапрот кумандарды моңғол шапқыншылығынан кейін бөлінген түркі халқы деп анықтады. «Венгрияға қашқан кумандар шомылдыру рәсімінен өтіп, венгр тілін қабылдады; өз отанында қалғандары ноғайлар мен “қапшақтармен” араласып, басқа ұлт құрды» -деп дәлелдеді. [2.483] Бұл материалдың шығуы ортағасырлық Еуропаның соңғы көшпенділердің этносы мен тіліне жарық түсірді, бұл оларды зерттеуге жаңа серпін берді. Зерттеушілердің көбісі кумандарды түріктер деп есептеді, тек венгр ғалымдары кумандарды мадьяр-кумандықтармен тілдік ұқсастығы бар деп есептеді. Генрих-Юлий Клапроттың жариялынымынан кейін ескерткіштің түпнұсқасы бойынша жұмыс жасау қажеттілігі туындап, ғалымдардың қызығушылығы оянды. Генрих-Юлий Клапроттың «Сөздігі» алғашқы басылым болғаннан кейін әрине кемшіліктен де кем болмады, зерттелу және типографиялық қателіктерінің көптігіне қарамай тарихи жәдігерді Отто Блоу (1828-1879) зерттеп, 1875 жылы қыпшақтар тілі мен тарихы туралы зерттеу еңбегін ұсынды. Оның ойынша латын бөлігіндегі түркі сөздерінің транскрипциясы венециандық диалектіні құрастырушыға куәлік етеді. Бұл сөздік кумандардың көрші елдермен және халықтармен байланысын бағалауға мүмкіндік береді, мысалы ішінен түрікше идиомаларды табуға болады самола (рус,смола), ухба (русс, изба), бог (ung. boi) т.б. Отто Блоу сөздікте «ислам терминологиясына» қатысты арнайы лексиканың болуын байқап,

«кумандар христиандар ма, мұсылмандар ма?» - деген сұрақ төңірегінде жұмыс істеді. Ақыры: «христиандық символдар мен догмалық көрсеткіштердің болуымен қатар, алғашқы мұсылмандық әсерлердің де белгілерін табуға болады» деген тұжырым жасайды. Мысалы, апта күндері ретімен, ол парсы тіліне сәйкес келсе де Sabbath ‘субботу’ (парс, sambe) , 1 - ден 5 -ке дейінгі сандармен (je[k]-sanbe, fu-sanbe ), жұма мағынасына қарай (араб, ‘ayd ‘ «мереке»). Дәстүрлі күнтізбедегі куман ай атауларынанан исламға қатысты ізді байқаған. Мысалы: Сафар ай «қаңтар» немесе курбанбайрам ай «қараша» (<құрбан мерекесі «құрбандық мерекесі»). Осыған сүйене отырып, Отто Блау кумандарға «осы лингвистикалық мұраның көп бөлігі Мұхаммед дінімен қатысты және Түркістанда қоныстанған халық тілімен байланысты» [2.483] деген ұсыныс жасады. Глоссарийге жазылған олардың тілі «Хиуадағы ескі өзбек диалектісіне жақын және «шығыс» түрік диалектісінің нақты бейнесін береді» - деп тұжырымдады. [2.484] Отто Блау XIII ғасырдағы түркі халық тілі элементтері ескерткіштің маңыздылығына тоқталды және ғылыми талаптарға сәйкес венециандық қолжазбаны шығаруды өз мойнына алады». «Codex Cumanicus -ті» үшінші рет толық екі бөлімін де латын тіліне аударған Г.Кун. Ескерткіш В.В.Радловтың аудармасымен Санкт-Петербургте де басылып шығады. Г.Кун орыс алфавитінің үлгісімен транскрипциялап, неміс тіліне аударған. Бұл аударма «Codex Cumanicus-тің» толық нұсқасын қамтымайды. 1936 жылы Дания ғалымы К.Гренбек қолжазбаның түпнұсқасын (факсимилесін) бастырып шығарады. 1942 жылы Копенгагенде К.Гренбек бастырумен «Codex Cumanicus» алтыншы рет басылып шығады. Қазіргі таңда «Codex Cumanicus-ке» қатысты іргелі зерттеулерді жасаған ғалым А.Н.Гаркавец.

Құман тілі – түркі тілдерінің қыпшақ тілдері тармағына жататын, жойылып кеткен тіл. Құман тілі өз заманында батыс және орталық Европа территориясында кең қанат жайған әдеби тіл ретінде көп қолданылған. Алтын Орданың негізгі тілі болып табылады. Олай болса, әдеби тіліміздің тамыры болып есептелетін құман тілінде жазылған «Codex Cumanicus» сөздігінен қазіргі таңда қазақ тілінде қолданыс тауып жүрген сөздерді жиі кездестіреміз. Сөздікте кездесетін бірқатар сөздер бүгінгі таңға дейін ешқандай фонетикалық немесе семантикалық өзгерістерге ұшырамағанын байқаймыз. Мысалы: сөздікте кездесетін ат «ат», qurt «құрт», ана «апа», ауақ «аяқ» сөздері қаншама ғасырларды артқа тастаса да ешқандай дыбыстық және мағыналық өзгерістерге ұшырамаған. Кейбір сөздер фонетикалық өзгеріске ұшыраса да семантикалық жағынан өзгермеген. Мысалы, altun «алтын», кесе «гедже» «кеш, түн». Құман тілінде кездесетін it «ит», boru «бөрі», burce «бүрге», ot «от», tuş «түс», sıǵır «сиыр», qou «қой», qouan «қоян», qol «қол» сөздері .[3.343] бұл тілдің қыпшақ тілдері қатарына жататын тіл болғандығын дәлелдейді.

«Codex Cumanicus» кездесетін бірқатар сөздер қырым татарлары тілі мен басқа да түркі тілдерінде осы күнге дейін ешқандай дыбыстық әрі мағыналық өзгеріске түспей қолданыста келетіндігі құман тілінің түркі тілдері қатарына жататындығын айқындайды. Мысалы: sıǵır – inek «сиыр», qol – el «қол», tavuq – tavoh «тауық», aq– ah «ақ», aǵız – avuz «ауыз». [3.343]

«Codex Cumanicus» тілі қыпшақ тілі екендігіне сөздікке талдау жасау барысында көз жеткіземіз. Оғыздармен жақын көршілес орналасуына байланысты құман тіліне оғыз тілінің де әсер-ықпалы болғандығы белгілі.

Қазіргі таңда «Codex Cumanicus» сөздігінің тілдік ерекшелігін зерттеу ғалымдардың алдына қойған үлкен мақсаттарының бірі болып отыр. Оның басты себебі, «Codex Cumanicus» сөздігінде бір емес бірнеше түркі тектес халықтарының сөздері қамтылған.

Мысалы тав «тау», тув «туылу», бувун «буын» т.б. Араб, парсы, грек, монгол тілдерінен де енген сөздерді де кездестіреміз. «Codex Cumanicus» сөздігіндегі бірқатар сөздер парсы тілінен енген сөздердің қатарын құрайды. Мысалы, *şeftalu* «шабдалы», *bazar* «базар»), ал *horma* сөзі араб тілінен енген сөз «құрма» грек (*kiraz* «шия»), монғол тіліне (*silevsün* «рысь») сөзі көрініс табады. [3.343]

Қыпшақтану ғылымы – орта ғасыр қыпшақтары мен қазіргі қыпшақ тілдес халықтар туралы зерттеулердің жиынтық атауы, түркітанудың құрамдас бір бөлігі. Әйтсе де, қыпшақтану саласы түркітанудан бөлініп шығып, өзіндік бағыт-бағдармен зерттеліп келе жатқаны белгілі. Осы күнге дейін қыпшақтану мәселесі әлемдік ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Далалық көшпелі өркениетті, қыпшақ тілі мен қыпшақ тарихын, көне тарихи ескерткіштерін, этнографиясын, мәдениеті мен әдебиетін, қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен рухани тіршілігін тағы басқа қырларын қарастыру көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарына негіз болғандығы белгілі. Қыпшақтану мәселесі бүгінгі таңға дейін өз өзектілігін жоғалтпаған күрделі мәселелердің бірі. Бүгінгі қыпшақ тектес этностардың арғы тегін, түп-тамырын бүгінгі қалпымен салыстырып зерттеу түркітану ғылымында үлкен мақсаттарды алға тартады.

Осы күнге дейін қыпшақ тілінде жазылған дүниелерді зерттеу әлемдік ғалымдардың назарынан тыс қалған емес, және көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарына негіз болғандығы белгілі. Оған дәлел Клапрот, Г.Г.Кун, Ф.Е.Корш, В.В.Радлов, В.В.Бартольд, А.Зайончковский, К.В.Кудряшев, Н.А.Баскаков, С.Г.Кляшторный, Л.Рашони, С.Закиров, Д.Р.Дашкевич, Лейбниц, Дател Корнидос, Гренберг, Копенгаген, В.Банг, С.Малов, Г.Ковальский, Э.И.Березин, Н.Баскаковтар секілді ғалымдардың түріктануға қатысты еңбектерін атауымызға болады. Ал отандық ғалымдардың түркологиялық зерттеулерінің бастауы түркі филологы Махмұт Қашқаридан басталып, ХІХ ғасырда ғылыми бір ізділікке түсті дегенміз жөн болар. Жалпы қыпшақ тілі мен тарихын мәдениетін тілдік тұрғыдан отандық ғалымдардың зерттеуі өз алдына бөлек дүние М.Қашқари, А.Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Ә.Құрышжанов, Б.Көмеков, С.Құдасов, А. Гаркавец, С.Боранбаев, М. Сабыр, З.Жайлыбай, секілді ғалымдарымыз тілдік тұрғыдан зерттесе, әдеби тұрғыдан Ш.Уалиханов, М. Әуезов, Т.Б.Кенжебаев, Ә. Марғұлан, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаевалар зерттеді.

Дала өркениетін мойындатқан қыпшақтар ХІ-ХІҮ ғасырлада әлем тарихына «Codex Cumanicus» секілді құнды дүниесін қалдырды. «Codex Cumanicus» ата – бабаларымыздың бірнеше ғасырлық үні, бүгінгі күнге дейін ұрпақтар жалғастығын сақтап келе жатқан түркі тілдес халықтарға ортақ құнды ескерткіш.

#### Список использованной литературы:

1. <http://kazneb.kz/>
2. <https://www.academia.edu> > Codex Cumanicus Истор.
3. Гаркавец А. Codex Cumanicus. Алматы-Бауыр, 2015.

#### References:

1. <http://kazneb.kz/>
2. <https://www.academia.edu> " Codex Cumanicus Istor.
3. Garkavets A. Codex Cumanicus. Almaty-Bauyr, 2015.